

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстар түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы N 168/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 сәуірде N 3751 болып тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімі аппарат басшысының 27.01.2015 N 33/5-22/49 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімі аппарат басшысының 27.01.2015 N 33/5-22/49 х а т ы м е н) .

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Павлодар ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстар түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ауылдық округтер мен ауыл әкімдері Павлодар ауданының қылмыстық-атқару инспекциясының келісімі бойынша сотталған адамдардың қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуі үшін объектілер тізімдерін сотқа т о қ с а н с а й ы н ұ с ы н с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Н. Әутәліпов
	Павлодар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы N 168/3 қаулысына қосымша

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстар түрлері

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау.
2. Аумақты қызылсу мұздан тазарту.
3. Аумақты қардан тазарту.
4. Аумақты қоқыстан тазарту.
5. Аумақты арамшөптен тазарту.
6. Қоқысты жинау және шығару.
7. Жас бұтақтарды кесу.
8. Ағаштарды кесу.
9. Ағаштарды әктеу.
10. Ағаштар егу.
11. Гүлзарларды бөліп отырғызу.
12. Көгалдарды қолмен қайта қазу.
13. Шөпті шабу.
14. Ғимараттарды әктеу.
15. Ғимараттарды сырлау.